

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

«Ақжүніс қыздар ұйымының» іс-қағаздары

Ұйым жетекшісі: А.Рыскелді

Бекітемін
Мектеп директоры

С. Қожанов

**«Ақжүніс» қыздар ұйымының 2021-2022 оқу
жылында атқаратын іс-шаралар жоспары**

Қ/с	Өткізілетін іс-шаралар тақырыбы	Орындалу мерзімі	Мерзімі
1.	Әдептілік-адамгершілік бастауы	20.09.2021	Рыскелді Айсара
2.	Жасөспірім қыздардың жеке бас гигиенасы	25.10.2021	Медбике
3.	«Бүгінгі бойжеткен – ертеңгі асыл жар»	26.11.2021	С. Байбатырова
4.	«Бой түзеу ой түзеуден басталады»	15.12.2021	Рыскелді Айсара
5.	«Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы»	12.01.2022	Рыскелді Айсара
6.	«Қыз еркем, анасымен көркем»	18.03.2022	Өзін өзі басқару ұйымы
7.	Қызға қырық үйден тыйым	21.04.2022	Рыскелді Айсара
8.	Жүрегіне иман ұялаған мұсылман қызы	23.05.2022	Рыскелді Айсара
9.	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.	02.06.2022	Рыскелді Айсара Сынып жетекшілер
10.	Оқушылардың лагерьге баруын бақылап, қадағалау. Ата- аналармен байланыста болу.	03.06.2022	Рыскелді Айсара Сынып жетекшілер

«Ақжүніс» қыздар ұйымының жетекшісі

Рыскелді Айсара

Оңтүстік Қазақстан облысы
Қазығұрт ауданы

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта мектебі

Әдептілік-адамгершілік бастауы

Ұйым жетекшісі
Рыскелді А.

Жігерген

Әдептілік-адамгершілік бастауы

Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер
(Ыбырай Алтынсарин)

Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту, қажет кезде өзінді ұстай білу халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттер.

Әдептілік адам бойында бірден қалыптаспайды. Ол - біршама жылдардың, қоршаған ортаның, жақсы тәрбиенің жемісі. Ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, жарасымдылықтың, қамқорлықтың үлгісі, отбасындағы тәрбие құдіреті осында.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас әдептілікке негізделсе, жан-жағына жылуын шашады, әдепсіз болса қапаландырады.

Адам-ең әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті.

Әдептілік-өзінді әр түрлі жағдайда мінез-құлықтың жалпы ережелеріне, эстетикалық, этикалық талаптарға сәйкес ұстай білу.

Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Әдепті болу үшін өзінді-өзі ойша болса да басқа адамдардың орнына қоя білуің керек. Әдепті адам өзінің басқа адамды жек көретінін немесе өте жақсы көретінін көпшіліктің алдында білдірмейді, бұл басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін қажетті.

Адам мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі.

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды. Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Әсірсе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» - деп, Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Мектепке дейінгі балаларды адамгершілік сана - сезімін оятып, жағымды мінез - құлықын қалыптастыруда даярлық тобының балаларына арналған ашық сабақтар: «Мамандықтар», «Ұ дыбысы мен әрпі», тәрбие сағаты: және ойын - сабақтарын: «Ойнайық та, ойлайық!» өткіздім. Мұның бәрі адамгершілікке бағытталды әрі дәл осыған кереғар қасиеттерді бала бойынан кездестірдім және оған керекті әдіс - амалдарды да іздестіріп, қолданып келемін.

Халқымыз «баланы ойын өсіреді» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, ойы сергиді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы - құрдастарымен жақсы араласуды үйренеді. Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуде төзімділікті ұлғайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ең бастысы, ойын баланы жан - жақты, тез ойланып шешім қабылдауға, ойын шыншыл ойнауға кешірімді, жанашырлыққа тәрбиелейтіні анық.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан - жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім - тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары өзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан - жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының балабақшаның, барша халықтың міндеті.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, он бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата - ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық - қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез - құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Мәлімет

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 7-11 сынып оқушыларымен «Жеке бас гигиенасы» туралы қыздар жиналысын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мамихова, ұйымдастырушы педагог С.Байбатырова, аға тәлімгер А.Рыскелді әңгіме жүргізді. Жеке бас гигиенасының басты мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығын түсіндіру.



Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Баяндама

Тақырыбы: «Қыздар гигиенасы»

Психолог: Аманжолова Ж

Жасөспірім қыздардың жеке бас гигиенасы

Жеке бас гигиенасының бірінші ережесі — тазалық, ол туралы бұрыннан белгілі. Жекеленген кейбір арнайы жеке бас гигиенасының адам жынысына, жыныс ағзалар құрылысы және қызметіне байланысты кейбір арнайы жағдайлары бар. Етеккірдің басталуы, қыз баланың алдына бір мәселе қояды. Алдымен етеккірдің келуі денсаулық жағдайына, қыз баланың жеке гигиена ережелерін сақтауына байланысты екенін есте ұстау керек. Әдетте, дені сау, шыныққан, спортпен шұғылданатын жақсы тамақтанатын қыз балаларда етеккір жақсы өтеді. Жалпы сау қыз бала да етеккір келген кезінде жабығу сезуі мүмкін. Алайда бұл сырқат емес, қалыпты жағдай. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстану қажет. Ой, физикалық жұмыстардан бас тартпау керек. Алайда ауыр физикалық жұмыстарды азайту керек.

Күнгізбе құрып, оған менструация басталу күнін, сосын ұзақтылығын және шамамен жоғалған қан көлемін (орташа, көп, аз) жазып отырған жөн. Жоғалған қан мөлшерін салма ылғалдануы дәрежесі және оны алмастыру жиілігімен анықтауға болады.

Етеккір кезінде сыртқы жыныс ағзаларын таза ұстағанның маңызы зор. Бұл үшін оларды леген үстінде таза жылы (ыстық емес) сумен алдынан артқа қарай жұмсақ иіс сабын қолданып жууы керек. Жуынуды тәулігіне 2 реттен кем емес өткізу керек. Осы кезде Күнделікті душ қабылдаған дұрыс. Ваннада, теңіз, өзендерде жуынуға болмайды, өйткені менструация ауру тудырғыш микробтарға жол ашады да жыныс ағзаларының қабынуын тудырады. Моншадан, әсіресе булы моншадан алшақ жүрген жөн, өйткені жоғары температура қан бөлінуін күшейтеді.

Етеккір келген кезінде арнайы салмалар қолдану қажет. Менструация кезінде тағамға ащы тамақтар қолданбау керек, өйткені олар қан ағуын күшейтеді.

Етеккір кезінде жазды күндері – тығыз жататын ішкі киім, қысты күндері – жылы трико, рейтуз және жылы аяқ киім киген жөн.

« Нәзіктік» түсінігін баяндаудың қажеті жоқ, алайда осы кезде де кейбір сәттерді ескеру қажет. Нәзіктік (әйелдік) ол тек сыртқы физикалық пішіні ғана емес, ол әдемі, дұрыс мүсін, мәнді жүріс. Мәселен тым алшаң адым, не теңселіп жүру нәзіктік түсінікке жат белгі. Грациялық – бұл алдымен қозғалуды қадағалау.

Артық, сонымен қатар дәрекі қозғалыстар, не жұлқынып сөйлеу де әдемі емес. Қатты дауыс шығарып сөйлесу, күлу, әсіресе, қоғамдық орындарда көргенсіздік болып табылады.

Дұрыс киім кию аса орынды болып табылады. Бұл кезде таным болуы тиіс, осы танымды тәрбиелей білу қажет. Әдемілікті бәрінен көре білу керек – қоршаған ортадан, мәдениеттен, адам денесі гармониясынан. Жақсы киіне білу қажетті талаптарды, жағдайларды талап етеді. Ең бастысы алған зат бағасы, не оның сәнділігі емес. Моданы қолдау қажет, бірақ оны қумау керек. Егерде бірде біреудегі сәнді киім жақсы көрінсе, оның сізде де жақсы көрінуі мүмкін бола бермейді. Бұл жағдайларда сәнді киімнің өзі дәрекі көрініп, ол сіздің парықсыз және әдепсіз екендігіңізді баяндайды.

Косметика- қыз баланың сыртқы бейнесінің маңызды құрамды бөлігі. Өкініштісі, ол қыз бала бейнесін әсемдеуден гөрі, дәрекілейді.

Аса боялған ерін ерсі көрінеді, аса пудраланған бет көркі келіспейді. Аса ғаламат шаш түстері, тушты ұлпалы кірпік бейнелері әсер бермейді. Жаныңызда ұстайтын жайт, ол ең әдемі жеріңіз — бұл сіздің бетіңіз, оны танымды ете білу қажет, яғни көлеңкемелермен көріктілеу қылу, оңдылығын көрсету, гармониялық емес жерін жасыру үшін тек Кустодиев, Матисс не Пикассо сияқты бояулы сурет салудың қажеті жоқ.

Косметика бойынша ұсыныстар өте көп, және өзін сыйдайтын қыз бала косметика өнімдерін дұрыс пайдалана (әрине өз танымы бойынша) білу керек.

Тағы бір жайтта айта кету маңызды шығар. Көбі махаббат белгісін көрсету үшін қызмет етеді: әсерлі көзқарас, қол алу, сүю. Алайда, махаббат дәлелін тек физикалық жақындық деп сезінетін және бірнеше кездесуден соң қыз балаларды жақындыққа тартатын жасөспірімдер бар. Көбінесе мұндай жағдайларда үлкен махаббаттың орнына терең жүрек шайқалуы байқалады. Әсіресе, егер жас қыз жеңілтектікпен жыныстық жақындыққа өз тандасына сеніп, келіссе, ал оның қызға ешқандай махаббат сезімі болмаса, жас шақта бұндай қарым-қатынастар қауіпті, өйткені қыздар еш дайындықсыз не өзін, не баласын қамтамасыз ете алмайтын ана болуы мүмкін. Организмде де тым ерте жүктілікке жақсы реакция бермейді.

Жүктілікке жасанды түрде ұзу қажеттілігі тууы әбден мүмкін. Ал біріншілікті жүктілікті, әсіресе осындай ерте жаста ұзу кейіннен ұрпақсыздыққа әкелуі ықтимал. Бұл сирек жағдай емес: біріншілей үзілген жүктіліктің 16 пайызы дәл осылай аяқталады. Көптеген жасөспірімдер жас қызбен жақындыққа түсіп, өз құмарлықтарын ғана қандырады. Көбіне қажеттіліктері әрдайым сексуалды емес, мансапқұмарлық болып табылады. Бұдан кейін жасөспірім өзінің жеңісімен сирек емес жағдай.

Өздеріңізді сақтаңыздар, сізден ешқайда қашпайтын жайды тым ерте тануға асфықпңыз. Өзіңізге сыйластықпен қараңыз. Өз роліңізді, өз қажеттілігіңізді есте сақтаңыз. Адамзат ұрпағын сақтап қалу, бағасыз тұқымдық материалды сақтап қалу — сіздің қолыңызда.

Әйел организмнің анатомиялық, физиологиялық және функционалдық ерекшеліктері.

Жыныс ағзалары өзара байланысты — өсіп өрбу (репродуктивтік), эндокринді және сексуалдық қызметтер атқарады. Жыныстық белгілерді біріншілікті және екіншілікті, ал жыныс ағзаларын ішкі және сыртқы деп бөлу қабылданған.

Біріншілікті жыныс белгілері эмбрионалды кезеңде қалыптасады және бірден туылысымен анықталады. Оларға әйелдерде: жыныс еріншелері, жатыр, қынап пен аналық жыныс бездері жатады.

Өсіп даму кезінде екіншілікті жыныс белгілері байқалады: қолтық пен мүше үстінің түктенуі. Әйел балаларда сүт бездері ұлғаяды, мүше үстері түктенеді. Әйелдердің ішкі жыныс ағзаларына: жатыр, жатыр түктері мен аналық жыныс бездері жатады. Әйелдердің сыртқы ағзалары — клитор (шошақай), жыныс еріндері, қынап жатады.

Аналық бездер, жатыр түтігі, жатыр және қынап жамбас қуысына орналасып,

аналық жыныс жүйесін құрайды.

Аналық бездерінде көпіршіктер шоғыры – фолликулдар болады. Аналық жыныс клеткалар – жұмыртқа клеткалар дамиды. Жаңа туған қыздың Аналық безінде 400 мыңдай жетілмеген жыныс клеткасы болады, олардың 350-500-дейі ғана пісіп жетіледі. Әрбір аналық без жатыр түтігіне ұласатын түкті ворнкаға батып тұрады. Жатыр түтігі жатырға ашылады. Жатыр – кілегейлі қабықшамен астарланған, іші қуыс бұлшықетті мүше. Жатырдың төменгі ұшы – мойны қынапқа ашылады. Қынаптың аузы тері қатпарлары – жыныс ернеуінің аралығында болады. Жас қыз қынабының аузын дәнекер тіканьді жарғақ –қыздық жауып тұрады. Үрпі жолының тесігі қынап аузымен қатар орналасады.

Толысқан организмдегі аналық бездердің бірінде ай сайын гипофиз горионының әсерімен болашақ жұмыртқа клеткасы бар бір фолликул жетіледі. Сперматозоидтың ядросындағыдай, әрбір жұмыртқа клеткасының ядросында да хромасомалар – ата-аналардың тұқым қуалайтын белгілерін жүргізушілер болады. Бірақ мұның адам денесіндегі басқа клеткалардан өзгешелігі сол, жыныс клеткаларының ядроларында 46 емес, 23 хромосома болады. Жетілген фолликул аналық бездің бетінен томпайып көріне бастайды, сыртқы қабырғасы жұқарады; екінші аптаның аяғында көпіршік жарылады да, жұмыртқа клеткасы фолликулдан сыртқа шығады. Бұл процесс овуляция деп аталады. Жетілмеген жұмыртқа клеткасы түкті воронка арқылы жатыр түтігіне түседі де, сол жерде пісіп жетіледі. Жұмыртқа клеткасы 7 күнде жатыр түтігін бойлап, жатырға жетеді.

Жарылған фолликул қуысы бірте-бірте май тәрізді сары түсті заты бар клеткаға толып, ішкі секрецияның уақытша безі сары денеге айналады. Фолликулдар мен сары денеден аналық жыныс гормондары түзіледі. Сары дене гормоны келесі фолликулдың пісіп жетілуін тежейді де жатырдың кілегейлі қабықшасы ұрық қабылдауға даяр болады. Егер жұмыртқа клеткасы ұрықтанбаса, онда сары дене овуляциядан кейінгі 13-14- күні гормон бөліп шығаруын тоқтатады. Өзгеріс болған жағдайда жатырдың кілегейлі қабықшасы бұзылады. Кілегейлі қабықшаның түйірлері қанмен бірге қынапқа ағып шығады. Бұл етеккір кезеңі 3 күннен 5 күнге дейін созылады. Осыдан кейін жатырдың кілегейлі қабықшасы қалпына келеді. Овуляция айына 1 рет қана болатындықтан, етеккір циклі де 118 ай сайын қайталанады. Ол 20-30 күнге, көбіне 28 күнге созылады. Осы кезең ішінде фолликулдар пісіп жетіледі, овуляция процесі өтеді, сары дене гормон түзеді және оны бөліп шығаруын тоқтатады.

Жыныс қызметінің биологиялық дамуы. Жыныстық жетілу эндокрин және нерв жүйелерімен байланысты. Жыныстық жетілу қыз балаларда ер балалардан гөрі ертерек 9-12 жаста басталады. Қыз балалар толығымен 16 жасқа қарай жетіледі. Жыныс қызметінің тоқтауы әйелдерде едәуір ерте 40-50 жасқа таман басталады, ал ерлерде бұл көрініс 65-70 жаста байқалады. Сонымен әйелдерде репродуктивті жас шамасы 16-45 жас шамасында болып, 30 жылға созылады.

Алайда, биологиялық өз дегенімен ер не әйел қылмайды. Биологиялық сипаттамалар психологиялық жыныспен толығымен сәйкес келмейді, бұл психосексуалды даму процесінде байқалады.

**“Абай” (Ж) атындағы жалпы орта білім беретін мектеп
«Ақжүніс» қыздар клубының
откізілген жиналыстың
хаттамасы**

25.10.2021 жыл

Жиналыс төрайымы: Мамихова Г.

Хатшысы: Байбатырова С.

Қатысқандар:

Мұғалімдер - 7

Оқушы - 52

Күн тәртібінде:

- 1. «Мектеп формасы – қыздар тазалығы» (клуб жетекшісі)**
- 2. «Жасөспірім қыздардың жеке бас гигиенасы» (медбике)**
- 3. Мектеп оқушылары арасындағы құқықбұзушылық жағдайы; (аға тәлімгер)**

Т ы ң д а л ы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің 9-11 сынып қыздарын қамтитын «АҚЖҮНІС» клубының жетекшісі Рыскелді Айсара сөз алып, «Мектеп формасы – қыздар тазалығы» тақырыбында баянат жасады. Баянат барысында қазақ халқының қыздарына сай келетін мінез-құқықтар, әдеп-ғұрыптар жайлы айтылды. Ұлтымыздың қыздарының ар-намысты ту етер ерекшеліктері, басқа ұлт қыздарына ұқсас намысшылдығы және қахармандығы жайлы айтыла келе М.Мәметова, Ә. Молдағұлова, Домалақ АНА, Томирис т.б. сияқты қаһарман әпкелердің өмір жолын өнеге ретінде айтып өтті. Мектеп қыздарын сол апа-аналардай болуға шақырып, білім мен тәртіпке көңіл қоюға шақырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің медбикесі «Жасөспірім қыздардың жеке бас гигиенасы» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Баяндаманың мақсаты оқушыларды жыныс аурулары және олардан сақтану, болдырмау жолдарымен таныс ету және оқушыларға қысқаша мәлімет және түсінік берілді.

Соңғы мәселе бойынша мектептің аға тәлімгері Рыскелді А. мектеп оқушылары арасында қыркүйек айынан бері құқықбұзушылықтың орын алу мәселелері бойынша баянат жасады. Баянатта мектептің тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылар жоқ екендігін, АПБ-нің тізімінде мектеп оқушыларының тұрмайтындығы айтылды. Жалпы, мектепте қылмыс, ақша жинау, топтық төбелес және лидерлікке ұмтылу, суық қару алып жүру фактілерінің ешқашан орын алмағандығын айта келе мектепте «ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ», «МОБИЛЬДІК ТОП»-тың жұмысын жандандыру ешқашан күн тәртібінен түспейтіндігін айтты.

Ш Е Ш І М:


- 1. Оқушылардың түнгі беймезгіл уақытта жүруі, ақша жинау, әлімжеттік жасау фактілерінің алдын алу мәселелері қадағалансын;**

Жиналыс төрайымы:



Мамихова Г.

Хатшысы:



Байбатырова С.

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Баяндама

***Тақырыбы: «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі
асыл жар»***

Ұйымдастырушы педагог: С. Байбатырова

Қызға тыйым салу деген осы деп, жас шыбықтай солқылдап өсіп келе жатқан қызғалдақтардың аяғын тұсап тастау емес бұл. Бұл адам, бойжеткен, ана болып қалыптасу жолдарында дұрыс бағыт-бағдар беріп, теріс бағыт алып бара жатса, ағайын-туыс, көрші-қолаң, тіпті есік алдында жүрген күнге дейін тоқтау салып, тыйымға шақыра алады деген сөз. Яғни қыз бала тәрбиесіне ата-анасы ғана емес, бүкіл қауым жауапты білдіреді.

Ежелден келе жатқан қазақы тәрбие негізін бүгінгі заманға лайықтап, жас ұрпақ, оның ішінде қыз балалар тәрбиесінде қалай пайдалануымыз керек? Ақпарат пен техниканың дамыған, ғаламдану процесі жедел жүріп жатқан қазіргі кезең ұлтымызға ғана тән қазақ қызы қасиеттеріне кері ықпал жасамай қоймайтыны белгілі. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, орыс пен корей қызының, т.б. ұлттық бет-бейнесі, мінез құлқы, қала берді ұлттық өмір сүру қалпы бар. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақы тәрбие мектебінен сусындаған қазақ халқы өз қыздарының тәрбиелі де дана болуы үшін білген-түйгендерін қыз тәрбиелеуде барынша пайдаланғаны мәлім. Себебі Ұлы далада ананың орны бөлек, ол шайпау, көргенсіз болса, қазақ деген халықтың жоғалып кетуі түк емес болатын. Бүгін ше?..

Бүгінде де қыз баланың тәрбиесі ата-анаға үлкен сын. Жүн түту, жіп иіру, шекпен тоқу, кесте тігу, құрақ құрау, оюлап киіз басу, кілем тоқу, арқан есу, көрпе көктеу, тағы басқа өнерді қыздарына бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен қазақтар үшін енді қызды мына алапат ғасырлар тоғысындағы әлемнің ми ботқа болып араласып, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыстығын ажырата алмай қалған заманында тура жолға бағыттау жауапкершілігі күтіп тұр. Ақпараттар ағынынан жасөспірімді қорғап тұра алмасымыз белгілі. Бірақ, соған қарамастан, өз ұлтының бет-бейнесін жоғалтып алмауға, қазақ қызының қасиетін таптатпауға үйретуге болады. Ең бастысы, ата-ана бабалар қалдырған тәрбие мектебін басты бағытқа алып отыруда енжарлыққа салынбаса болды. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да — әйел-ана. «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп», — деген ұлағатты сөз осыдан тұса керек.

Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыз қазақ бірлігін, берекесін, еркіндігін ойлаған дара да дана тұлғалар болды. Осындай аналарымыздың образын аша түсетін, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болатындай қасиеттерін мектеп мұғалімдері әдебиет сабағында ғана емес, күнделікті дәріс барысында оқушылар құлағына құйып отырса, нұр үстіне нұр болар еді. Өткен замандар қойнауында қалып бара жатқан сол аналардың тұлғасы арада қаншама жылдар өткеніне қарамастан, ұмытылмауы тиіс. Ұмытпаудың төте жолы — олар туралы жалықпау. әңгімелеуден

«Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» деп, қызға сеніммен арқа сүйеу де тек қазақта. Қыздар тәрбиесі қоғамда рухани құндылықтарды, ұлы мұраттарды иманды және инабатты бәсекемен қалыптастырады. Адамдық қасиеттерді бойына сіңіре білген жандардан тараған ұрпақ ақыл мен алғырлықтың бүкіл бітім-болмысын одан ары қарай жалғастырады. Ресейде «аристократтар ұрпағы» деген сөз бекер айтылмайды. Тәрбиелі де зиялы отбасыларынан тараған ұрпақтың арада қанша ғасыр өткеніне қарамастан, бүгінге дейін шөпшектері мен неменелері өздерінің тәрбиелілігімен, адамгершілігімен ерекшеленіп келеді. Олар — нағыз аристократтар. Ондайлардан ешқашан сатқындық

шықпайды. Себебі олар алдымен отбасының, отанының абыройын ойлайды. Міне, тәрбиенің түпқазығы қайда жатыр. Патша заманында «орыс офицері» деген сөздің қалай құрметтелгенін, оның атағына кір келтірмес үшін орыс офицерлері жау қолына түскенде, өздеріне өздері қол жұмсауға дейін барғанын тарихтан білеміз. Абыройды төкпеу, ұлттық қасиетті жоғары ұстау деген осындай болады. Бүгінде көпшілігіміз зиялы болуды бай болу дегенмен шатастырып жүрген сыңайлымыз. Қолыңда дәулетің бар болса, не істеуге де құқылысың деген жаңсақ та түп-тамырымен дұрыс емес пікір қалыптастырып алған жоқпыз ба? Бірде белгілі-бір шенеуніктің қызының құрбыларына қарап, «Ешқайда жалтақтамаңдар, бүгін шетелдерде бізге қарап, қазақ деген ұлттың қандай болатынын таниды. Біз алға шықтық. Сондықтан еркін жүріп, еркін тұрыңдар. Ал бізден басқалар ешқайда шыға алмайтын, өздерін көрсете алмайтын жандар, сондықтан оларға қарап жалтақтамаңдар. Қазақстан біз және өзгелер болып екіге жарылды» деп, туған күнінде сөз сөйлегенін көрдік. Ата-анасы да, құрбы-құрдастары да ол бір аталы сөз айтқандай ду қол шапақтап, қолпаштай жөнелді. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан кезеңде тәуелсіз, еркін еліміз заманның даму үрдісі жылдамдығымен зымырап келеді. Қоғам да уақыттан қалмай, ортамызға келген жаңа дүниелерге еніп, қалыптасу үстінде. Уақыт талабына сай өмір сүру үшін, заман адамдардан жеке тұлғалық факторларды талап етеді. Ұлттық сана-сезімге сіңіп, арғы тегімізден келе жатқан адами қасиеттерімізді осы өліара кезеңде жойып алмауды қажет етіп тұр.

Бірде Қытайға барған сапарымызда, «Ақпараттар ағыны қытай жастарын ұлттық қасиеттерден ада етуі мүмкін бе, әлде сіздер халқыңыз көп болғандықтан, ғаламданудың қауіпі жоқ деп есептейсіздер ме» деген сауал қойғанымыз бар. Сонда қытайлық ғалым: «Қытай халқының дәстүрлі ұлттық тәрбие мектебі мықты. Қыздарымыз да, ұлдарымыз да заман талабына сай барлық технологияларды меңгеріп, ақпараттарды сіңіреді. Бірақ ол нағыз қытайлық бет-бейнемізге ықпал ете алмайды. Ұлы Қытай халқы өзінің ғасырлар бойы жинақтаған тәрбиесінен бір сәтке де ауытқымайды. Қытай халқы, әсіресе қыз бала тәрбиесіне ерекше мән береді. Себебі олар — болашақ ұрпақты тәрбиелеуші ана» деп жауап берді.

Дәл бүгінгі заманда біздің қыздарымыз да осындай ұлтжандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен, сүйкімділігімен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс. Ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы, сыйлы. Ертеңгі күні не болатынын білмегендіктен, тек өздеріне сеніп, бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін адамдар тобына айналып бара жатқандаймыз деген пікірлерді де естіп қаламыз. Себебі біздің қоршаған ортамыз келген жаңа дүниелерге еніп, қалыптасу үстінде.

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Баяндама

***Тақырыбы: «Бой түзеу-ой түзеуден
басталады»***

Тәлімгер: Рыскелді Айсара

Қыздың көркі – шашында еді...



Қыздың көркі шашында еді

Осы күнде қыздарымыздың карасы азайып барады. Кәдімгі белуарына тоғілген қап-қара шашты қыздарды некен-саяқ кездестіресіз. Әйтеуір еркекке үкесі тым қысқа шашты қыздардан көзіңіз талады. Немесе қайдағы бір мода қуалаған түрлі «прическалы», әйтпесе «басына найзағай түскендей» және төбесінде «құдды бір кемпірқосақ тұрғандай» қыздарды қосыңыз оларға. Бір сөзбен айтқанда, «қарашы, мынаның шашының ұзынын-ай» деп тамсанатұғын сәттеріміз сиреп тұр бүгінде.

Ай, заман-ай десеңші! Кешегі күндер келмеске кеткендей ме қалай? Сұлулықтың өзіндей болған қарапайым қазақтың қыздары қайда қалды? Халқымыздың «Қара мақпал қолаң шаш-ай. Әттең, сенің сәнің-ай» деген сәттер сағымға айналды ма екен? Хакім Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» дейтұғын қазақ қыздары қайда? Әй, «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген» деген халық өлеңіндегі ғажап сурет ше?

Не керек, осынау сауалдарға жауап іздеп көрдік пе? Берер жауабымыз жоқ емес-ау, сірә. Бар ғой, бар. Тек қазақтың әр қызы менің қызым, менің әпкем, менің анам дейтұғын жансебіл ниет қараң қалды ғой. Әр отбасы өз қызының

имандылығына, ибалылығына, сырт келбетіне басы бүтін жауапты екенін ұмытқандай. «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» дейтін гөмеілді жадынан мұқым-мүлде шығарғандай. Немесе «Қызды қымтам ұстаған ұялмайды», «Қыз назы қырық кісіні мас қылады» дейтін мақал-мәтелдердің түбінде өзіне опық жегізетінін кім айтады?!..

Қазіргі уақытта көптеген қыз-келіншектер шаштың тым көп гүсуіне байланысты алаңдаушылықтарын білдіріп жүр. Осы себепті де олар шашын қысқартып алатын ұқсайды. Бұл енді бос сылтау, негізі жоқ сөз, тәрбиеден алыс қалғандығының белгісі. Расында, шаштың қысқа не ұзын болғанында не қасиет бар деуіңіз мүмкін. Оған айтарымыз да сол, шаш сенің қасиетің, өз сұлулығың, ұлттық мәдениетіңде бар ерекшелігін. Қазақтың қызы қашанда шашын өсіріп, бұрым қойған ғой. Сондықтан, әр бойжеткенді қазақ шашы мен бойына қарап бағалап отыратын үрдіс болған. Қыздың шашы табиғатына қарай қолан шаш, сүмбіл шаш деп, өріміне қарай жалғыз бұрым, қос бұрым деп аталған. Оның әр талын жібектей деп, өрілген бұрымды білектей деп салыстырған. Ұзындығы тілерсек соғатын, алтын, күміс шолпы тағылған сұлу бұрым бойжеткен көркін одан әрі арттыра түсетін тұғын. Қысқасы, қазақ қызы үшін шашының көркі, сұлулығының сыры болатын. Бір сөзбен айтқанда, қазақ ішінде шашты өсіріп-өрудің, тарап-таркатудың, күтіп-баптаудың өзіндік бір тәрбиесі, үлкен бір мектебі болды. Бүгінде осы бір тәрбие, осы бір мектеп ұмытылып барады, қалып барады ғой тіпті...

Ендігі жерде ата-ана өз қызының әрбір қылығына ерік бере берместен, оны қолдаған сынап танытпастан, бұрынғы ұлттық мәдениетімізбен сусындатқан ләзім-дүр. Кім өзінің ұлттық мәдениетінен, зор тәлім-тәрбиесінен, қалыптасқан мектебінен жерінсе, құрдымға кетері сөзсіз. Бір ұлт екінші бір ұлтқа жүз жерден ұқсағысы келсе де, ол бола алмайды. Тек қана бар болмысынан айырылады, түр-кескіні өзгереді. Осы тұста сұлу да сымбатты қыздардың, кермаралдай керілген кербез келіншектердің әсем сынына әр кіргізетін, айдай ажарына өң беретін төгілген қолаң шашының қысқармай жүруін қалар ек. Бұл біздің ұлттық бір ерекшелігіміз болып қалсын да...

Ия, қазақ әйелдердің сұлу шашын ертеден-ақ жоғары бағалаған. Оған ерекше орын беріп отырған. Солай ма екен, шашқа байланысты түрлі әдет-ғұрыптар, тыйымдар шығарған. Мәселен, «Шашынды отқа тастама», «Шашынды жайма, шашынды кима» деген тыйымдар, одан бөлек, «Шашың кесілсең» деген қарғыс бар. «Шашынды кескенің – бақытынды кескенің», – деп сәбилердің шашын көзіне түсірсе, китар болады деп ырымдаған.

Жас әйелдер шашын маңдайдан айырып, екі бұрым етіп өрген соң, оның арасын бір сүйемдей етіп ұшынан бір-біріне жалғайды, бұл – «Жұбымыз жазылмасын» деген ақ тілек белгісі. Ал қыздар бұрымын дара өреді немесе қос бұрымын бір-біріне жалғамайды.

Қыздарға Алтыншаш, Қарашаш, Сұлушаш, Шолпы деп ат қоюдың өзі шаш қасиетін көрсетеді. Жеңгелері қайын сіңлілеріне ат қойғанда Шашбаулым, Шаштеңгелім, Сырғалым деп сызылуында да сұлу сыр жатыр.

Халықтың қылмыс заңында да шаш туралы бірнеше бап бар. Тентектер әйелдің шашын кессе, ол дене мүшесін кескенімен бірдей жазаланады, үлкен айып төлейді. Егер әйелдер өздері қылмыс жасаса, олардың шашын кесіп жазалайды. Бұл әйелдер үшін өлім жазасымен тең қаралған. Шаштың ұшын қиған қыздарға шапалақ беріледі. Демек, әйелдерге тән шаш бағасы мен құнын халқымыз ерте білген.

Шаш тек сұлулық пен мәдениеттілік белгісі ғана емес, ол – әйелдер қауымының, яғни Хауа Ана мен Бибі Фатима анамыздан бастап берілген Алланың айрықша сыйы, құрметі, сәні, еншісі. Олай болса, ей, қазақтың қызы, шашыңды сондай өсір, тұла бойыңның сұлулығын ашатындай болсын, егерде ерің болса саған қарағанда көз алмайтындай болсын!..

Ұзын шашты қазақ қыздары көбейе берсін!..

**«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
оқушылармен өткізілген жиналыстың**

Хаттамасы

20.01.2022 жыл

Жігерген е.м

Қатысқандар: Мектеп директоры С.Қожанов, ДТІЖО Г.Мамихова, психолог Ж.Аманжолова, әлеуметтік педагог Ә. Қалықұлов, сынып жетекшілер 11.

Күн тәртібінде:

Құқық бұзушылықтың алдын алу, сабақтан себепсіз қалу, смартфондарды мектепке алып келмеу туралы

Тыңдалды: Мектеп директоры С.Қожанов оқушыларды жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектептерде смартфондарды алып келу және қолдануға шектеу қою туралы екендігі және білім алушылардың сабақтан себепсіз қалмауы мен ата-аналар тарапынан балаларының әлеуметтік желілер арқылы келетін немесе ғаламтордағы толассыз ақпараттар ағымын талғамсыз өз бетінше пайдаланудың зардаптары көрініс беріп жатқандығына алаңдаушылықтарын жеткізгендігі жайлы екендігіне тоқталды. Сондықтан да мектеп ұжымы болып смартфондарды мектепке алып келмеуге және қолдануға қатаң тыйым салынатындығын ескертіп өтті.

Жарыс сөз: Мектеп психологы Ж.Аманжолова смартфондарды пайдаланудың ең бірінші оқушы денсаулығына зияны туралы кеңінен мағұлмат беріп өтті. Сонымен қатар сабақтан себепсіз қалудың, әлеуметтік желілердегі түрлі жағымсыз ақпараттардың оқушы психикасының өзгеруіне алып келетіндігіне тоқталды.

Беққұлова.Ұ өзі тарапынан оқушыларға себепсіз сабақтан қалмау және мектепке смартфон алып келуі мен пайдалануға шектеу қоюдың дұрыс екендігін айтып өтті.

11 А сынып оқушысы Бексейіт Рамазан смартфондарды пайдаланбау кезінде оқушылар бір-бірімен әңгімелесіп, түсінісуге жағдай жасалады деп ойлайтынын, өйткені қазіргі таңда бәрі әлеуметтік желілер арқылы ғана байланысатындығына тоқталды.


Жиналыс барысында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға Г.Мамихова, Ж.Аманжолова жауап берді.

Жиналыс қаулы етеді

1. Білім алушылардың сабақтан себепсіз қалуын және мектепке оқушылардың ұялы телефонды пайдаланбауын қатаң ескертіліп, қадағалау ДТІЖО Г.Мамиховаға міндеттелсін
2. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалуын, ұялы телефонды алып келу жағдайын қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы

Хатшысы



С.Қожанов

Г.Мамихова



Мәлімет

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектепте қаңтар айының жоспарына сәйкес «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында ардагер әжелермен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге ардагер әжелер Баян Рымбекқызы, Құдайбергенова Сайлаукүл апай, мектеп психологы Ж. Аманжолова, ДТІЖО Г.Мамихова, Ұйымдастырушы педагог С.Байбатырова, Тәлімгер А.Рыскелді, Абай амбулатория акушері Д.Аманбаева және 8-11 сынып оқушылары қатысты.

Қазақ отбасындағы қыз баланың орны туралы және болашақта қыздарымыздың елін, жерін сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанын жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару болатындарын ардагер әжелеріміз айтып өтті.

Абай амбулаториясының акушері Динара Аманбаева қыз баланың гигиенасы және ерте жүктіліктің қауіпті екенін баса айтты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мамихова ұлттық психологияның ауытқып бара жатқанын:ар сақтау,ұятты білу үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып бара жатқанын айтып, аналар, мектеп ұжымы бірге қыздарымызға дұрыстап тәлім-тәрбие беріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалайық деп кездесуді аяқтады.

Тәлімгер



А.Рыскелді

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Байқау

Тақырыбы: «Қыз еркем, анасымен көркем»

Өзін-өзі басқару ұйымы

Сабақтың тақыры «Қыз қылығымен» атты қыз сыны 2019 байқауы.

Сабақтың мақсаты: Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

1. Таныстыру
2. Өз өнері
3. Сұрақ-жауап
4. Манолог
5. Қол өнер
6. Көктем салаты
7. Сән үлгісі

Жүргізуші: Армысыздар, абзал аналар, ақ жаулықты әжелер, көктем гүліндей жайнаған апайлар қош келіпсіздер!

Бүгінгі күн сіздерге мерекелік көңіл – күй тілей отырып, көктем аында өткелі отырған «Қыз қылығымен»! атты Қыз сыны 2019 байқауын тамашалауға шақырамыз.

Жүргізуші:

Қос бұрымы аш беліне төгілген,
Келбеті бар кермаралдай керілген,
Қазақ қызы- инабатты ару қыз
Ақ жүзінен аппақ сәуле төгілген.

Тіл байланып қалатындай көргенде,
Сұлулықты соған ғана берген бе!

Кім де болса бас иеді мойындап,

Қарсы алдына қазақ қызы келгенде – дей келе бүгінгі байқауға қатысушыларға сәттілік тілей отырып қошеметпен ортамызға шақырайық.

1- аруымыз. . Сатыбалды .Мереке ..
2- аруымыз. .. Кенжалы Аружан

3 - аруымыз Досқара Гүлсамал

4 -аруымыз Сыбан Перизат

5 -аруымыз Егемберді Пернегүл

Жүргізуші:

Әділдікпен баға берер аруға

Әділдікпен қарақылды қақ жаруға

Алқасын қазылардың біз сайлайық

Ақ аруды таңдап бүгін алуға – деп бүгінгі сайысымызға әділ баға берер қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

Қазылар алқасының төрағасы ...

1. Жаналиева Элмира
2. Қайрат Ақтөре

3. Жорабеков Шынғыс

Жүргізуші:

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектеб

Баяндама

***Тақырыбы: «Қыз әдептілігімен
әдемі.инабаттылығымен сәнді»***

Тәлімгер:Рыскелді Айсара

Әдептен озбайық!

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Әр сынып жетекшісі – баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік- шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдеп-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін, әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеру тиіс. Мұғалім кәсіби білімін үздіксіз жетілдірген жағдайда ғана оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығуын қалыптастыра алады. Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару жолындағы басты тұлға- мұғалім. Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін бала жанының бағбаны мұғалімдер қандай болуы керек. Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал,, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы шарт. Екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын шәкірттеріне анық тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт. Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы шарт. Әрдайым оқушыларымен әдептілік қарым- қатынаста болғаны жөн.

Бүгінгі күні сынып жетекшісі- кәсіпкер, педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін:

1. жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеруде оқушы мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы.

2. Сынып ұжымының алуан түрлі бірлескен іс- шаралары барысында олардың өзара ынтымақтастық қарым- қатынасының қалыптасуын ұжымдастыру.
3. Оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық өміріне кейбір түзетулер жасаушы.
4. Оқушының күнделікті өмірі мен әрекетін ұйымдастыруда, кәсіби бағдар беруде, қоғам өмірінің әлеуметтік- экономикалық, саяси ерекшеліктерін түсінуде көмекші, кеңесші.
5. Сыныпта қолайлы, жайлы моральдық- психологиялық ахуал қалыптастыру үшін сынып ерекшеліктерін ескере отырып қажетті тәрбиелі ықпалдар жасаушы.
6. Оқушының дамуы мен жетілуіне ықпал жасайтын барлық тәрбиелік күштердің (мектеп, отбасы, қоғам) басын қосушы, үйлестіруші.

Мұғалім мен оқушының сезімдік қарым- қатынасының да ерекше мәні бар. Өйткені көңіл-күйдің үйлесімділігі тәрбиенің нәтижелі болуының себепшісі. Көп жағдайда мұғалім оқушының көңіл-күйін ескермей, өз көңіл-күйінің жетегінде кетіп, тәрбие жұмысының мақсатына жеткендей болады. Шын мәнінде оқушы мұғалімнен сезімдік жағынан үйлеспесе ол бетіне қарсы қарап отырып-ақ ойы басқа жақта болады. Осы жағдайды ескеріп тәрбиеші оқушының сезімдік үйлесімділігін оларға білдірпей байқайды. Мысалы, оқушының бет әлпеті, қимыл- қозғалысы, төтенше берілген сұраққа іле жауап беруі арқылы оның көңіл- күйіндегі үйлесімділікті анықтайты. Егер бұл жағдайды мұғалім ескермесе, оқушы біртіндеп өзін «далада отырғандай» сезінеді. Соңында оқушы мұғалімді тыңдамайтын, сыйламайтын болып шығады. Мұны болдырмас үшін мұғалім өз ісінің мазмұнына мән береді және оған оқушыны үнемі қызықтырып отырады.



Мәлімет

Абай (Ж-н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 7-11 сынып оқушыларымен «Жеке бас гигиенасы» туралы қыздар жиналысын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мамихова, ұйымдастырушы педагог С.Байбатырова, аға тәлімгер А.Рыскелді әңгіме жүргізді. Жеке бас гигиенасының басты мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығын түсіндіру.

